

Меңгеруші жанындағы кеңес
2025-2025 оқу жылы
Хаттама №1

Өтілген күні:

08.09.2025 жыл.

Қатысқан педагогтар: 6

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. *Тамыз кеңесінің нәтижесі. Біртұтас тәрбие ішіндегі «Адал Азамат» бағдарламасы. 2025-2026 жаңа оқу жылына дайындық. Айлық жоспарды бекіту.*

2. *Тарификацияға дайындық және өткізу.*

3. *Білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін нығайту. Тамақтануды ұйымдастыру.*

4. *Бақылау және басқару қызметін ұйымдастыру. Жаңадан келген педагогтарды бақылауға алу.*

Тыңдалды:

1 – мәселе бойынша балабақша әдіскері құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті ұйымдастырылған іс- әрекет жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс- құжаттарының жүйелігін айтты. Біртұтас тәрбие ішіндегі «Адал Азамат» бағдарламасы туралы педагогтарға түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі : Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орындарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің әрі жарық, әрі жылы болуын қадағаладық. Оқу қызметін өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың әнмен дене, би ұйымдастырылған іс- әрекеттеріне баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері топтардағы тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен карап, уақытысымен келеді.

4 –мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі. Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Жаңадар келген педагогтардың құжаттары түгелденіп, өз жұмыс міндеттерімен таныстырылды.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша әдіскеріне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақшаның шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
3. Жұмыс кестесі мен ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестесінің құрылуына және оқу құжаттардың дұрыс жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалар мен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі жақсы болып табылсын .

Кеңес төрайымы:



А.А.Алдадосова

Хатшы:

Аккаирова А.А.

Меңгеруші жаындағы кеңес
2025-2026 оқу жылы
Хаттама №2

13.10.2025 жыл.

Өтілген күні:
Қатысқан педагогтар 8

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Айлық жоспарды бекіту. Жылу маусымына дайындық.
2. Педагогтардың біліктілігін арттыру.
3. Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастыру. Ата-аналар жиналыстарына дайындық.
4. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.

Тыңдалды:

1 –мәселе бойынша балабақша меңгерушісі топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен оқу қызметінен тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті.

Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбекету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі баладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сұрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

2 –мәселе бойынша әдіскер топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті ұйымдастырылған іс- әрекеті жоспарларының уақытылы бекітілетіндігін айтты.

3 –мәселе бойынша балабақша мейірбикесі 2025–2026 оқу жылының қыркүйек айында әр топта – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әр түрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Тұмаудың алдын алу» тақырыбындағы баяндамасын 6 топқа оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларына атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек екенін айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егу екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отыратындығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі

кағып келулерін ескертті. Балаларға арналған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминдерді беріп жүрулерін айтты.

4 – мәселе бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Ұйымдастырылған іс- әрекет тәрбиешілердің күнделікті жазылатын циклограммаларын бекітіп, ұйымдастырылған іс- әрекетіне қажеттікұрал – жабдықтарын тексерді. Ұйымдастырылған іс- әрекеті процесіне қатысқандығытуралы айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығы бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. Балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан оянған кезде сергіту жаттығулары, ойындармен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

Шешімі:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылсын.
2. Тәрбиешінің ұйымдастырылған іс- әрекетіне дайындық сапасы жақсарту жұмыстарына қосымш инновациялық жоспарлар жасалынсын.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттарын ақтылансын.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша мейірбикесі және әдіскері болып табылсын.

Кеңес төрайымы

А.А.Алдадосова

Хатшы:

Аккаирова А.А.



Меңгеруші жанындағы кеңес
2025-2026 оқу жылы
Хаттама №3

Өтілген күні:
10.11.2025 жыл.

Қатысқан педагогтар: 8

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. *Айлық жоспарды бекіту.*
2. *Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі бойынша жұмыстың жағдайы. Жарақаттың алдын алу.*
3. *Аттестаттау комиссиясының жұмысын талдау.*
4. *Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.*

1–мәселе бойынша әдіскер, тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекетінде мемлекеттік тіл қазақ тілінің қаншалықты маңызды екендігін айта отырып, барлық топтарда осы мақсатта қазақ тілінің дұрыс жүргізілуіне қатаң көңіл бөлетіндігінайтты. Сол мақсатта топ тәрбиешілерінің және пән жетекшілерінің қазақ тілі– ана тілі мәртебем сынды іс-шаралар өткізуге кеңестер бергендігін ескертті және оның жүргізілуін бақылауды өзіне қалдырығандығын айтты. Қыркүйек айының 22-күні барлық топтарда тіл мерекесіне байланысты, ашық іс-шаралар ұйымдастырылып, ертеңгіліктер өткізілді. Сонымен бірге, барлық топтарда, түстен кейінгі уақыттарда мәнерлеп оқу, ертегілер еліне т.б. сынды қосымша жұмыстар жүргізіліп, тілмәдениетін балаларға жеткізіп отырғандығын айтып өтті.

2– мәселе бойынша балабақша әдіскері балабақшадағы қоршаған әлеммен танысу ұйымдастырылған іс- әрекетін бағдарламалық талаптардың орындалуын бақылады. Осы мақсаттарда ересектер тобындағы бүлдіршіндер жануарлар әлеміне саяхат жасап, аңдармен, жануралармен жеке танысып, тоқталып өтті. Ортаңғы топ бүлдіршіндері жабайы және үй жануарларын ажырата білетіндігін көрсете біледі. Сондай-ақ ұйымдастырылған іс- әрекеті кезінде ғана емес, ертеңгілік етердеертегі арқылыда, түрлі қойылым арқылы да көрсетіп, үйреніп жүргенін айтып өтті.

3 – мәселе бойынша балабақша мейірбикесі балабақшадағы сауықтыру шараларын өткізу әдісіне тоқталып өтті . Барлық топ бойынша таңертеңгілік жаттығулардың жүргізілу барысын бақылағандығын айтты.

4 – мәселе бойынша Балабақшадағы дене жаттығулары мынадай түрлерге бөлінеді: таңертеңгілік жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар. Таңертеңгілік жаттығулар балалардың бойын сергітіп, жақсы көңіл күй сыйласа,

қимылды ойындар балалардың ақыл – ойын дамытады. Сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал таңертеңгі жаттығулар. Күнделікті белгілі бір уақытта әр топ балаларының жас ерекшеліктерін ескеріп, таңғы жаттығу ұйымдастырылады. Саяхат сабақтары тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Айта кететін болсақ, «Табиғатты аялайық!» атты, экскурсия сабақтары, «Менің қалам - Ақтөбе!» сынды саяхат сабақтары жүргізіліп отырады.

Шешімі:

1. Жасалынған бақылау жұмыстары «жақсы»деп бағалансын.
2. Қоршаған әлеммен танысу ұйымдастырылған іс-әрекет бағдарламалық талаптардың орындалуын бақылау.
3. Балабақша әдіскеріне тапсырылсын, және оқу процесс жұмыстары әрі қарай жандандырылсын.
4. Балаларға сауықтыру шараларын тұрақты түрде жүргізілуін қадағалау балабақша мед.бикесі және топ жетекшілеріне жүктелсін.

Кеңес төрайымы:



Алдадосова А.А.

Хатшы:

А.А.Аккаирова

Менгеруші жанындағы кеңес
2025-2026 оқу жылы
Хаттама №4

08.12.2025 ж

Өтілген күні:

Қатысуға тиіс: 8

Қатысканы: 8 педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. *Айлық жоспарды бекіту. Қаржық сауаттылық, ЖИ (жасанды интелект) оқу іс әрекеттерге енгізу.*
2. *Тәуелсіздік күні мерекесіне дайындық*
3. *Жаңа жыл ертеңгіліктерін өткізуге дайындық*
4. *Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.*

1-мәселе бойынша: Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер сөз сөйледі: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда ойын әдісі тәрбиелеу және оқытудың басты нәтижелі құралы болып табылады, сондықтан оларды жетік зерттеп игеру арқылы ғана, балаларда тәрбие мен оқыту жұмысының нәтижелілігіне жетуге болады. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бүгінде бала тәрбиесіне баса көңіл аударылуда. Десек те баланың тілінің дамуы қазіргі кезеңде алаңдатарлық мәселе екені бәрімізге аян. Әдеби шығармалар, ертегі тыңдап өспеген бала компьютерлер мен ұялы телефондардан бас көтермей жатады. Осыдан да баланың тілдік қоры аз, байланыстырып сөйлеуге бейімделмеген, ортаға бейімделуі нашар ұялшақ қасиеттер басым келеді. Осындай кемшіліктерді байқай келе баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, тілдерін дамытып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуін ойын әдісі арқылы іске асыруға тырыстым.» педагогтарға ЖИ арқылы балаларға деген қызығушылығын арттыру мақсатында, балалардың оқу іс-әрекеттеріне енгізу туралы әдіскер сөз қозғады.

2-мәселе бойынша: Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің қортындысы туралы саз жетекшісі сөз сөйледі: «Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін өткізу алғашқы кезеңде балалардың ерекшеліктерімен, мінез-құлықтарымен, қызығушылықтарымен таныса келе балалардың сөйлеу тілін, сөзді байланыстыруын бақыладым. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге дайындықтар жасалды. Ата-аналармен бірлесе отырып ойындарға қажетті материалдар жинақталды, анкеталық жұмыстар жүргіздім. Балаларға ойынның әр түрінен жеке түсініктер берілді. Ұйымдастырылған іс-әрекетте және тыс кезеңдерде балаларға оларды қызықтыратын және ерекшеліктеріне сай келетін ойын түрлері таңдалынды.

3-мәселе бойынша: Қортынды тексеру . Тәрбиешілер жатты жылдық есептерін, жарты жыл бойы жасаған жұмыстарын оқып, қорғап берді.

4-мәселе бойынша: Түрлі мәселелер бойынша топ тәрбиешілері ата-аналарға өздерінің кеңесін ұсынды. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша топтардың учаскесіне гүл, ағаш көшеттері отырғызылуы жөнінде ұсыныстар айтты. Балалардың тазалығына денсаулығына көңіл-күйіне баса назар аударып қадағалауын түсіндірді.

Шешім:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы тәрбиешілерге жүктелсін.
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің қортындысын талқылау әдіскерге жүктелсін.
3. Қортынды тексіру. Жатты жылдық есептерді тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
4. Түрлі мәселелер бойынша тәрбиешілер пікірлерін талқылау балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

Кеңес төрайымы  А.А.Алдадосова

Хатшы:  А.А.Аккаирова



Менгеруші жанындағы кеңес
2025-2026 оқу жылы
Хаттама №5

Өтілген күні: 16.02.2026 жыл.

Қатысқандар: 8 педагог

Күн тәртібі:

1. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеуіс-әрекетін дамыту /барлық топтар/
2. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау.
3. Апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі.
4. Балалардың біліктері (бастапқы, аралық).

Тыңдалды:

Дағдыларының дамуына мониторинг

Балабақша менгерушісі күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша айтып өтті.

-Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс- Әрекеттері арқылы балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, күнсайын ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерінде іске асырылады.

Міндеттері: музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; карапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен және т.б.) таңдауға мүмкіндік беру; Сурет салуда көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ,

Музыкалық ойыншықтармен балалар музыка аспаптарының (музыкалық

балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуына жыр ата білуді жетілдіру. Музыкалық шығарманың көркем құралдар дауысы (ақырын- катты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.

Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге әнайту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкамен журу мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап

жүруге үйрету. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің кимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізуде ғалымдарындамыту: аю қорбанды жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына тоқталып өтті. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін дұрыс тамақтану - бұл көптеген наурулардан болатын энергия көзі және дәрі. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дұрыс ұйымдастырылған тамақтануы - ата-аналардың басты міндеттерінің бірі. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тамақтануы сапалы да, сандық жағынан да дұрыс болуы тиіс. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дұрыс тамақтанбауы үлкен жастағы кезеңдерде елеулі проблемаларға әкелуі мүмкін. Сондықтан да біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Балабақшада күніне 4 рет тамақтанады. Таңғы ас-сүт ботқалары, сүт ботқалары жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырады. Сусын ретінде сүт қосылған какао, маймен, сыр, бұтерброды. 2-ші таңғы асқа балаларға жеміс немесе жеміс шырындары беріледі. Түскі ас-салаттар, бірінші ыстық тағам және екінші ыстық тағамдар беріледі. сусындардан кампот немесе кисель беріледі.

Бесік асқа-сүт, кондитерлік тағамдар, тоқаштар. Кешкі ас-жеңіл азық-түліктер беріледі. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері тәрбиешілердің циклограммаларын тексеріп, нәтижелері туралы айтып өтті. Жалпы циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде балабақшаның кестесіне сәйкес жүргізілген. Баланы серуенге алып шығып табиғатпен таныстырып, еркін ойындар ойнату ұйымдастырылған

Әраптағы циклограмма құрылып, баланы қабылдаудан бастап, серуені, уйқыны ұйымдастыруы, балалардың үйіне қайтуына дейінгі күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Төртінші мәселе бойынша әдіскер мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің жаңа әдістемесімен таныстырып өтті. Мониторинг дегеніміз не? - баланың жетістіктерін қадағалау мониторингі жасап балалардың деңгейін анықтап білім бөліміне тапсырылуын айтып өтті. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерінің еруді, жеке даму әдістемесі, бақылау парағын толтыру, жеке даму картасын дұрыс толтыру туралы түсіндіріп өтті. Көптеген өзгерістер бар, солармен таныстырып, айырмашылықтарына айтып өтті. Бастапқы және аралық-баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету. Оның есептеу картасындағы бастапқы және аралық түзету шараларын меңгеру мақсатында жұмыс жүргіземіз деп аяқтады.

Шешім:

1. Әрбір педагог өз кәсіби құзіреттілігін, міндеттерін адал, жауапкершілікпен атқарсын.
2. Балалардың білім біліктілігін дамытуда үлгілік оқу бағдарламасы күтілетін нәтижесі негізінде жүргізілсін.
3. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.

Кеңестөрайымы:

А.А.Алдадосова

Хатшы:

А.А.Ақкаирова



Меңгеруші жанындағы кеңес
2025-2026 оқу жылы
Хаттама №7

Өтілген күні: 30.03.2026жыл.

Қатысқандар: 8

Педагогтар, медбике, шаруашылық меңгерушісі

Күн тәртібінде :

1. Төтенше жағдайлардағы өнімді іс-әрекет – жаттығу.
2. Ересек топта танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша «Математика негіздері» бөлімінің деңгейі.
3. Балалардың жарақат алуын алдын алу, алғашқы көмек көрсету жолдары

Тыңдалды: Балабақша басшысы күн тәртібіндегі талқыланатын негізгі мәселелермен таныстырды.

Сөз алды: Шаруа меңгерушісі төтенше жағдайлардың түрлерімен таныстырып өтті. - «Апат айтып келмейді, төтенше жағдай орын алған жағдайда, бөбекжай-бақша әкімшілігіне хабар айту, төтенше жағдайлар басқармасына телефон шалып, хабарлау керек. Бірінші кезекте балалардың қауіпсіздігі, яғни қосымша есік арқылы балаларды сыртқа шығарып, қауіпсіз жерге орналастыру және т.б. балалар мен қызметкерлерді құтқаратын әрекеттер жасауымыз қажет», - деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлеген, әдіскері, «Балапан» ортаңғы тобына «танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша «математика негіздері» ҰІӨ меңгерілу деңгейіне тақырыптық бақылау жүргізілді. Балалардың ҰІӨгеру біліктері бағдарламаға сәйкес жүргізіліп жатқандығын жеткізді.

Сөз жарысқа медбике «Балалар жарақатының алдын алу маңызды медициналық-элеуметтік мәселе болып табылады. 2 жастан 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндердің ерекшелігі қоршаған ортадағы өзі танып білуге тырысуы, оның көп қозғалғыштығы. Сонымен бірге осы жаста (жүріс, жүгіру,) негізгі қимыл дағдылары әлі де қалыптасу үстінде болады. Сондықтан балаларда болатын зақымдану мен жарақаттар, қарапайым қимыл дағдыларының жеткіліксіз дамуымен байланысты, қоршаған жағдайды бағдарлай алмауынан пайда болады. Ата-аналар балаларында қауіпсіз қылық дағдыларын, травматологиялық сақтық дағдыларын ертерек қалыптастыра бастауы керек. Осындай тәрбиенің ең жақсы түрі ойынмен, қажетті дағдыларды жақсы меңгереді. Ойын және ҰІӨ кездерінде 3 жастан бастап баланы өткір және кесетін заттарды, ыстық сұйық, тамақ, ыдыстарды пайдалану ережелерін пайдалану дағдысына үйретуге болады. Көшеде серуендеу кезінде қала көшелерінде жүру ережелерін практика жүзінде балаға үйретуді қолданады. Осы мақсатта сурет, кітап, видео фильмдер пайдалануға болады. Балалар серуендейтін алаңда сынық әйнектер, шеге, тақтай, жәшіктер болмауы тиіс. Жаз айларында суда болатын бақытсыздық жағдайынан, улы өсімдік, жидек және саңырауқұлақтармен уланудан сақтану керек. Көшеде, көлікте және үйде ата-аналардың жеке іс-әрекеттері өте маңызды»-деп сөзін аяқтады.

Жиналыс соңында төрайым сөз берілді. Төтенше жағдай орын алған жағдайда сабыр сақтап, қызметкерлер мен балалардың өміріне қауіп төндірмейтіндей жағдай

асау керектігін, сонымен қатар, балалардың жарақат алуын алдын алу жұмыстарын
емі бақылауда ұстайтынын айтып, жиналысты қорытындылады.

Қаулы етілді:

- «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» орталығы қажетті құрал-жабдықтармен толықтырылсын.
- Балалардың жарақат алуын алдын алу жұмыстары бақылауға алынсын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Кеңестөрайымы:

А.А.Алдадосова

Хатшы:

А.А.Аккаирова



Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама №8

Өтілген күні: 06.04.2026 жыл.

Қатысқандар: 8

Педагогтар: 8

Күнтәртібінде:

1. Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы.
2. Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерін қортындысы туралы.
3. Байқаулардың қортындысы туралы
4. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша. Өткен кенесінің шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер Г.Дербисалина сөз сөйледі: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Ойын түрлерінің барлық түрінде тілдік қолданыстарды: тақпақтар, әндер, сөйлемдер қолданылып отырса бала қызыға қайталап, тілдік қоры молайып, жалпы сөйлеу тілі дамиды.

2-мәселе бойынша. Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерін қортындысы туралы тәрбиеші сөз сөйледі. 8-наурыз аналар мерекесіне орай топтарда «Апатайым анашым» тақырыбында іс-шара өткізілді.

22-наурыз «Ұлыстың ұлы күні» мерекесі қарсаңында топтарда «Ұлыс оң болсын» тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Бұл мерекеде балалар ата-дәстүр салты бойынша «Тұсау кесу» рәсімін орындады

3-мәселе бойынша. Өткен байқаулардың қортындысы туралы саз жетекшісі байқаудың міндеттері мен кезеңдерін, шарттарын түсіндіргенін, талап қасай болғанын айтып өтті

4-мәселе бойынша. Түрлі мәселелер бойынша тәрбиешілер өз пікірлерін айтты.

аулы етті:

1. Өткен кенеснің шешімдерінің орындалуы балабақша тәрбиешілеріне жүктелсін.
2. Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерін қортындысы туралы балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
3. Байқаулардың қортындысы туралы балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
4. Түрлі мәселелер бойынша балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

Кеңес төрайымы:  А.А.Алдадосова

Хатшы:  А.А.Аккаирова



Меңгеруші жаындағы кеңес

Хаттама №9

Өткізген күні: 20.05.2026 жыл

Қатысуға тиіс: 8

Қатысканы: 8

Күн тәртібі:

1. Балалар білімін бақылау қорытынды мониторингі.
2. «Қош бол, балабақша!» ертеңгілігін өткізу.
3. «Күл бүлдіршін, күліп жүр» балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспары мен танысу, бекіту.
4. Ағымдағы бақылау: «Балабақшадағы санитарлық ережелердің сақталуы»

1-ші мәселе бойынша әдіскер: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларын мониторингтеу. Әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін мониторинг (қорытынды) жүргізілді. Балалардың біліктерімен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша аралық мониторингтің жиынтық есебінің нәтижелері бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып:

Жұмыстың одан арғы кезеңіне арналған міндеттер МЖМБС

талаптарына сәйкес әрбір білім беруде дағдылары бойынша балалардың құзыреттілігін дамытуға қол жеткізуді жалғастыру.

Білім беруде дағдыларына сәйкес 3 жас пен 5 жасқа дейінгі балалардың дамуына қойылатын талаптарды ескеру; • жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың құзыреттілігін дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру; • әр баланың құзыреттілігін дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтер қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу. Балалар мен жұмысты ұйымдастыруда әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының өсу динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз ету.

2-ші мәселе бойынша. мектеп алды тобының тәрбиешісі

«Қош бол, балабақша!» ертеңгілігін өткізу. Балалардың мерекелік көңіл - күйін қалыптастыру. Балабақша, мектеп туралы өлең шумақтар, әндер айтқызу арқылы балалардың тілдерін дамыту. Көріністер арқылы мектепке дайындығын тексеру. Балалардың бір жылда алған білімдерін тиянақтау.

Оқуға деген қызығушылығын арттыру. Балабақша мен қоштасқалы тұрған бүлдіршіндерге сәт сапар тілейміз.

3–ші мәселе бойынша. «Күл бүлдіршін, күліп жүр» балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспары мен таныстырды.

Балаларды қорғау дегеніміз-әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз.

Бұлтсыз күн, ашық аспандай, нұрын шашқан күн сәулесіндей біздің балаларымыз бейбіт өмір сүрсе екен, олардың жүректерін қайғы мұң шалмаса екен! Іс шара жоспары бекітуге ұсынылды.

4–ші мәселе бойынша медебике «Балабақшадағы санитарлық ережелердің сақталуы» туралы мәлімдеме жасады. Балабақшадағы балаларға арналған күн режимін бақылау, уақытылы серуендеу, таза ауада болу, уақытылы ас ішу, тынығу, оқу іс –әрекеттерінің мерзімімен өтілуін қадағалауда тұр. Топтардың санитарлық жағдайына бақылау жүргізу, мезгілімен топтарды кварцтау, желдету, күнделікті жұмыстың жүргізілуде.

Шешімі:

1. Балалар білімін бақылау қорытынды мониторингі қанағаттанарлық,
2. «Қошбол, балабақша!» ертеңгілігі карантин талаптарын сақтай отырып өткізілсін.
3. «Күл бүлдіршін, күліп жүр» балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспары бекітілді.
4. Ағымдағы бақылау: «Балабақшадағы санитарлық ережелердің сақталуы» жұмыстар әрі қарай жандандырылсын. Қадағалау медебикеге жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.А.Алдадосова

А.А.Аккаирова